



Алматы қаласының әкімдігі  
Тілдерді дамыту, мұрағаттар және құжаттама басқармасы

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті



# Сертификат

Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл саясаты және қазақ әдебиетіндегі ұлттық идея» атты on-line негізіндегі халықаралық ғылыми-теориялық конференцияға қатысқаны үшін

*С. Дәрібайқына*

беріледі

Басқарма басшысы



*Ахетов*  
М. Ахетов

Университет ректоры



*Д. Нөкетаева*  
Д. Нөкетаева

Алматы - 2015





ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Алматы қаласы Тілдерді дамыту, мұрағаттар және құжаттама басқармасы

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті  
Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті  
Қазақ әдебиеті кафедрасы

Управление по развитию языков, архивов и документации города Алматы

Казакский государственный женский педагогический университет  
Факультет казахской филологии и мировых языков  
Кафедра казахской литературы

Almaty city department of language development, archiving and documentation

Kazakh State Women's Teacher Training University  
Faculty of Kazakh philology and world languages  
The chair of Kazakh Literature

Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған  
**«Қазақстан Республикасындағы  
мемлекеттік тіл саясаты  
және қазақ әдебиетіндегі ұлттық идея»**  
атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

### МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-теоретической конференции:  
**«Государственная языковая политика  
Республики Казахстан и национальная идея  
в казахской литературе»**  
посвященная к 550-летию казахского ханства

### MATERIALS

Of International Scientific and theoretical conference on  
**«The state language policy of Kazakhstan  
and the national idea in the Kazakh literature»**  
devoted to 550 anniversary of Kazakh Khandygy

АЛМАТЫ 2015



Сыншы Нұртазин әдебиеттің көкейкесті мәселелеріне арнап жүзге жуық еңбек жазды. Бүкіл саналы ғұмырын әдебиет мәселелеріне арналған адамның туған әдебиетіндегі сын мәселесіне немқұрайды қарай алмасы түсінікті. Әдебиетші ғалымның 1975 жылы «Жұлдыз» [5] журналында жарияланған «Сын туралы әңгіме» атты мақаласынан осыны аңғарамыз. Шекспир заманынан бері сынға қойылып келе жатқан талаптар жайлы әңгіме қозғай келіп, автор мұнда қазіргі әдеби сын туралы пікір қозғайды.

«Кейбір сыншы жолдастарда адалдық, шыншылдық жете бермейді. Жақсыны көре тұрып, көргісі келмеушілік, жаманды жаба тоқушылық кездеседі. Бұл оп-оңай құтылып кете қоятын дерт емес, әрине, бірақ мұндай әдеттерден бірте-бірте арылатын шығармыз» [5]. – дейді. Жазушылардың жаңа шығармаларын талқылайтын жиналыстардың да өз дәрежесінде, талапқа сай өте бермейтіндігіде назардан тыс қалмайды. Мұнда да бірінші орында шындық қымбат екенін естен шығармаған дұрыс болар еді деген тілек білдіреді. Қазақ әдебиеті майданына ортаңқол шығармалардың кіріп кетпеуін өзінің сыншылық қырағы көзінің елегінен өткізе білген, жақсы еңбектерге өз әділ бағасын бере, талдай білген сыншы-ғалым Темірғали Нұртазиннің еңбектерінің қазақ әдебиетінде алар орны ерекше, ұстаған бағыты өнеге демекпіз.

### Резюме

В этой статье рассматривается творчества литературоведа, писателя, литературного критика, переводчика Темиргали Нуртазина

### Summary

In this discusset the creations of the writer, poet, critic Temirgali Nurtazin

### Пайдаланған әдебиеттер:

1. Т.Нұртазин «Шеберлік туралы ойлар». Әдеби-сыни мақалалар жинағы» «Жазушы» баспасы, 1968 ж.
2. Нұртазин Т. Кең тынысты шығарма // Қазақ әдебиеті. 1960. – 5 ақпан
3. Қазыбеков Н. Қарапайым қаламгер // «Семей таңы» газеті – 1987 ж.
4. Нұрғалиев Р. Талант қырлары // «Қазақ әдебиеті» газеті 1987. – 25 желтоқсан
5. Нұртазин Т. Сын туралы әңгіме // Жұлдыз. 1973. №5

## ПЕДАГОГ-ҒАЛЫМ АЛМА ҚЫРАУБАЕВАНЫҢ «СЕНІМ» БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП

Дәрібайұлы С.

Әл-Фараби атындағы

ҚазҰУ доценті, ф.ғ.к.

Алматы қ., Қазақстан

Ғалым-педагог Алма Қыраубаеваның ұлт балаларына арнап мектеп ашу бағытында дайындаған «Сенім» бағдарламасы – тәуелсіздіктің алғашқы жылдары білім беру жүйесіне жаңа леп, тың серпіліс әкелген жаңалықтардың бірі. Бағдарламадағы негізгі мақсат – өркениет әлеміне ұлтымыздың асыл қасиеттерін бойына сіңірген, заманға лайық Тұлға қалыптастыру. Ғалымның бұл бағыттағы ұстанымдары Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Ы.Алтынсарин секілді алаш арыстарының қазақ баласын білімді азамат ретінде тәрбиелеудегі идеяларының заңды жалғасы болды. Бағдарлама білім жүйесінің озық тәжірибелерін жалғастыра отырып, қазақ баласының әлемдік білім кеңістігіндегі орнын айқындауды мақсат етті. Ғалымның өзі бұл жөнінде «Біз мектебіміздің тұжырымдамасын жасағанда, жеке бір баланың мектепке кірген күнінен бітіріп шыққанға дейінгі жан дүниесін, болмысын, тұлғасын елестеттік. Осы адам кім, қанда болып шығуы керек: ұлтжанды, иманды; адамды сүйетін; мәдениетті; білімді; өмірге икемді; рухани дамыған адам, кісілікті тұлға.

Кісілікті тұлғаны қалыптастыру үшін не істейміз?» [1,154-155] деген пікір білдіреді. Ол оқушыларды жарты ғасырдан астам кеңестік білім жүйесі арқылы қалыптасқан кейбір қасан пікірлер мен көзқарастардан арылтуға күш салды. Ал мұндай ортаны қалыптастыру үшін алдымен шәкірттерді бұйығылықтан құтқарып, өзіне деген сенімін нығайту керек болатын. Ішкі еркіндігі жоқ баладан білімділікті талап ету әділетсіздік болар еді. Сондықтан бағдарламада ең алдымен ұстаз бен шәкірт арасында адамгершілік қатынас, түсіністік, мәдениетті орта жасауға ерекше көңіл бөлінді.

«Сенім» бағдарламасы 1993 жылы Алматы облысы, Қарасай ауданына қарасты Ораз Жандосов ауылында ашылған гуманитарлық қаза мәдениеті мектеп-лицейінде тәжірибелік тұрғыда жүзеге асты. Мектептің ішкі жүйесі мен жұмыс мазмұны жоғарыда айтылғандай әміршілдік қатынастарды қажет етпейтін қағидаға құрылды. Ұстаз бен шәкірт арасындағы байланыс адамгершілік негізді басшылыққа алды. Шәкірт көзқарасында мұғалім тұлғасы білім беріп, тәртіпке салушы емес, рухани өсірушіге, үйретушіге айналуы бұлжымас заңдылық еді. Жұмысқа қабылданған ұстаздар терең білімімен ғана емес, баланың рухани өсуіне басшылық жасап, оған АДАМ ретінде қадірлі болуымен бағаланатын. «Балаға сыйлы боламын десен, баланы өзің сыйлай біл» деген ұстаным басты қағидаға айналды.

Мектеп-лицейде алғашқы кездері оқушы саны аздау болғанымен кейін ата-аналардың сенімі күшейіп, көрші ауылдардан, тіпті Алматы мен басқа облыстардан да оқуға тілек білдірушілер көбейді. Бірақ көп оқушы қабылдауға мектеп мүмкіндігі көтермейтін. Лцейде оқуға өз мектептерінде жақсы оқыған оқушылар ғана емес, білім дейгейі төмендеу, өз ортасында елеусіздеу болып жүрген оқушылар көбірек тілек білдірді. Мектепте баласының нашар оқығандығы немесе «қиын балалардың» ғана қатарында аталғандығы себепті жиі жиналысқа шақырылатын ата-аналар ғалымның авторлық бағдарламасына үлкен үміт артты. Мектеп-лицей ұстаздарының ұстанымы – баланың болашағы мен мүмкіндігіне сенім білдіру болғандықтан, кейбір гимназиялар мен лицейлердегідей білімі мен тәртібіне қарап қабылдайтын қатаң талаптар қажет болмады. «Сенім» бағдарламасының түпкі мұраты да баланың тұлға ретінде өз көзқарасын білдіре алатындай деңгейге жеткізу, Кісілік, Шығармашылық қабілетін дамыту болатын. Әлемдік мәдениетке жетудің баспалдағы адамның өзін игеруінде жатыр. Шәкірттің Жеке Тұлға болып қалыптасуы үшін өзіне деген сенімін күшейтіп ішкі “Менін” ояту қажет. Бұл идеяны жүзеге асыру үшін оқытушылардың өзі де соған лайықты болуы қажет. «Қарым-қатынаста әркім өзін көрсе, байқаса дейді, әркім өз сөзін естісе, тындаса дейді, әркім өзін бағаласа, сыйласа дейді. Ынта - әркімге тән, табиғи үміт. Сыйлы болу үшін, шамасы, қоғамдық қажеттілікке лайық сенім, сенімділікті мекендейтін күш-жігер, күш-жігерді жетелейтін білім мен мінез керек. Осы талаптардың негізін еңбек пен тәрбие, өзіндік ынталылық пен өзіндік тәрбие құрайды» [2,37]. Ұстаздардың ұйғарымымен шәкірттер “Қанат мырза”, “Динара бикеш” деген сияқты сыйластық сөздермен аталды. Шәкірттер де ұстаздарына “Рақым мырза”, “Алма бибі”, “Ләйлә бике” деп ілтипат білдірді. Алғашқы кезде тосындау болған осы қарым-қатынас кейін ұстаз бен шәкірт арасындағы сыйластық пен құрметке дәнекер болды. Шәкірт жүрегінде ұстаздарға ғана емес, өз-өзіне деген сенім пайда болды. Шынында, осы қарапайым ғана нәрсе көбінесе фамилиясымен ғана аталып, азан шақырып қойған атын мұғалім тарапынан андасанда бір еститін шәкірт жүрегін жылылыққа бөледі деп айтуға болар еді.

Білім беру жүйесінде «оқушылардың эстетикалық сана-сезімін, көзқарасы мен талғамын, құштарлығын арттыруда, тәрбиелік ықпалдық нәтижесін қамтамасыз етуде ұстаздар ұжымының эстетика саласында білімдері мен қабілеттерінің болуы, оқушылар өмірін «әсемдік заңы» бойынша құруда олардың өздерінің белсенді әрекеттерінің болуы да мұғалімдер қауымына үлкен жауапкершілікті жүктейді [3,67]. А.Қыраубаеваның авторлық бағдарламасында бұл мәселеге ерекше көңіл бөлінді. Шәкірттерді бұйығылықтан арылту лицейде би мәдениетін үйренумен де жүзеге асырылды. Ата-аналар тарапынан “билеген несін алған, сабағын оқыса да жарамай ма?” деушілер табылды. Мұғалімдер де “балалармен бірге қалай билейміз, қарап тұрсақ қайтеді” деген ойларын білдіріп жатты. Бұл би мәдениетін түсінбегендіктен туған пікірталастар еді. Ақырында ұстаздар “балалардың жұрт алдына



шығып сөйлеу, билеу мәдениетін қалыптастыру үшін өзіміздің де ашылғанымыз жөн” деген ұйғарымға келді. Осылайша “би кеші” де мектеп-лицейдегі әдемі дәстүрдің біріне айналды. Классикалық музыкадан бастап қазіргі жастардың ырғағы – бәрі қамтылды. Келе-келе алғашқы кештерде фойедегі үстелдің астына тығылып қалып, көздері жылтырап күліп қарайтын шәкірттер де, биге шығуы қиямет-қайымға айналатын кейбір ұстаздар да ашылып, шама-шарқынша билей бастады. Әдетте, тек 10-11 сыныптарға ғана рұқсат етілетін би кештеріне қатаң бақылаушы ретінде ғана тұратын мұғалімдердің (көп оқушылардың түсінігінде осылай қалыптасқан) өздерімен бірге билеуі шәкірттерді шаттыққа бөледі. Мәселе қалай билегенде емес, шәкірттердің би мәдениетін ұстаздарымен бірге түсінгенінде болды. Бұл тәжірибе би билеу баланың өзін сүйкімді көрсетудің тамаша мүмкіндігі екендігіне көз жеткізді және оның үлкен тәрбиелік мәні болды.

Мектеп-лицейде шәкірттер мен ұстаздар арасында терең байланыс болу үшін хат салатын жәшік ілінді. Бұл әдіс шетел педагогтарының тәжірибесінде бұрыннан қалыптасқан. Арнайы орынға қойылған жәшікке шәкірттер ұстаздарына деген ойларын хатпен білдіруіне де мүмкіндік туды. Алғашында кімге ренжіп жүргені, қайда барғысы келетіні, сабаққа не үшін дайындала алмағаны т.с.с. сияқты мазмұндағы хаттар көп жазылды. Кейін хаттар легі саябырсығандай болды. Бұл сенімнің азайғаны емес, керісінше шәкірттердің хат жаза білудің де үлкен мәдениет екенін түсінгендігінен болатын. Енді тек шәкірттерден ұстаздарына жан сезіміне әсер еткен нәрселерді жазған хаттар келді. Ұстаздар өздеріне келген хаттарға жауап жазып, шәкірттерінің жан-дүниесінде болып жатқан өзгерістерге оң бағыт берді.

Сенімі бар шәкірт шығармашылықпен де жұмыс істеуге икемді. Оны дер кезінде сыртқа шығара алмаса лап етіп жанған оттай өшіп қалуы да мүмкін. Ұстаздардың жоғары сыныпқа келген оқушының бойынан кішкентай кездеріндегідей талпынысты таба алмай қиналатыны қазір жасырын емес. Сухомлинский “Бала өзін-өзі жетілдіруге икемделмесе, оны жүз мұғалім де тәрбиелей алмайды” деп бекер айтпаса керек. Мектеп-лицейдегі әр оқу бөлмесінің алдына орналастырылған шағын тақта мен бор шәкірттердің шығармашылық шабыттарының оянуына өз үлесін қосты. Бұны лездеме тақта деп аталды. Түсінбеген кісілер “Осы жерге тақтаның не қажеті бар?” деп жататын. Бірақ, ойына келіп қалған сөзді немесе көріністі тежеп ұстағаннан гөрі, (мұның арты партаға немесе қабырғаларға жазылған “туындыларға” әкеліп жатады) лездеме тақтаға жазудың пайдалы жағы да болды. Бәрі бірден мәдениеттілік деңгейіне көтеріле алмайтыны сияқты, шәкірттер шығармашылығы да түрліше көрініс тауып жататын. Тақталардан өз досының суретін салған, басқа бір жылдықтың оқушысын туған күнімен құттықтаған т.б. сөздер кездесетін. Ұстаздар шәкірттердің «бұл еңбектерін» де ескеріп, бағалауға тырысты.

Шәкірттің жан сезіміне әсер етіп рухтандыру әлбетте 45 минут сабақтың еншісіне ғана кірмейді. Бала шығармашылығын дәріштеп отыру - сандық түсініктен сапалы түсінікке әкелетіні белгілі. Мектептегі пікірталастар, баяндамалар, ғылыми жобалар қорғау шәкірттердің шығармашылық мүмкіндіктерін ашуға септігін тигізді. Оқушылардың салған суреттері мен өлеңдері, қолөнер туындылары көп алдына апта сайын шығарылып, қортындыланып отырды. Әр бөлменің қабырғасына ілінген өлеңдер, сөзжұмбақтар, суреттер, тіпті жақсы шығарылған есептер де ілінді. Бір-бірінің шығарған туындыларымен танысып, мәре-сәре болып жататын балалар шығармашылығынан адамға ой салар мазмұндысы да, өзінен басқа өзгенің түсінуі қиын дүниелер де кездесетін. Ұнамай қалған туындыларын қайта алып тастап жататын жағдай да кездесті. Бұның өзі, әдетте қабырғада қатып тұратын қағаздарға, стендтерге қарағанда әсерлі еді.

Білімді игеру деңгейіне қарай базалық, жоғары және өте жоғары бағдарлама жасалынды. Оқушылардың еңбегін бағалауда рейтинг жүйесі енгізіліп, демократиялық қатынастардың орнауына қызмет етті. Бұл жүйеде балалардың еңбектенуін бағалау басты назарда болды. Шәкірттердің «Әлем – Мен» кеңістігіндегі дүниетанымын кеңейту осы бағдарламаның басты мақсаты болатын. Мектеп-лицей оқушыларына “Әлемтану”, “Елтану”, “Ислам мәдениеті”, “Еуропа мәдениеті” т.б. арнайы курстар оқытылды. Бағдарламада ерекше мән берілген бағыттың бірі - қыз тәрбиесі. Ғалым қыз балалардың болашақ ана екенін ескеріп, тек жақсы



маман ғана емес, отбасының ұйытқысы болуға жіті көңіл бөлді. Осы себепті 9 сыныптан бастап “Қыз әдебі” сабағы жүргізілді. Арнаулы курстарды жоғары оқу орындарында білім беретін тәжірибелі ұстаздар жүргізді.

Мектеп-лицейде үзіліс уақытының тиімді өтуіне ерекше мән берілді. Оқушыларды селк еткізетін электр қоңыраудың орнына үзілісте арнайы бағдарлама жасап, ұлттық ән-күйлер, классикалық музыка қойылды. Оқушылар үзілістің болғанын осы қойылған музыкадан білетін. Күніне 5-6 рет құлаққа сіңген әуен жүрекке де жетеді. Ол әннің (күйдің) кімдікі, туу тарихы қалай - бұлардың бәрі фойеде арнайы орынға жазылып қойылды.

Әр бала – Алланың ата-анаға тартқан сыйы, табиғаттың ғажайып құбылысы. Өзіне деген сенімді сезінген шәкірттер орынсыз ұялшақтықтан, бұйығылықтан арыла бастады. Жоғары жылдық - төменгі жылдық (мектеп-лицейде сынып жылдық деп аталды) деген шарттылық жойылып, олардың арасында аға-іні, апа-сіңілі қарым-қатынасы орнады. Шәкірттер ұстаздарын тек сабақ беруші мұғалім есебінде емес, туған бауырындай қабылдайтын. Бұның барлығы көрнекті ғалым-педагог, білікті басшы, филология ғылымдарының докторы, профессор Алма Қыраубаеваның талай жылғы тәжірибесінің негізінде әзірленген авторлық «Сенім» бағдарламасы арқылы жүзеге асты. Ұжымымда жылы, әдемі психологиялық атмосфера қалыптасып, мектеп-лицей Тәрбиелі Отбасының үлкейген Моделіне айналды.

### Резюме

В статье рассмотрены проблемы национально-школы и программа «Сенім» ученого, педагога А.Краубаевой

### Summary

In this article discusses the problem of national school and the program «Senym» of teacher-scientist Alma Kiraubaeva

### Пайдаланған әдебиеттер:

1. Адамгершілік сабақтары. Жеке тұлғаның рухани-адамгершілігін дамыту бағытындағы бағдарламалар мен оқу-тәрбие іс-шараларының үлгілері. Алматы: «Мен-адаммын» қоғамдық қоры, 2001.-174 б
2. Әбенбаев С. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. Алматы: Дарын, 2004.-352 б.
3. Қыраубаева А. Жаным садаға. 5 томдық шығармалар жинағы. 4 том. Алматы: Өнер, 2011.-344 б.

## ӘДЕБИ ШЫҒАРМА СЮЖЕТІНДЕГІ ТАРТЫСТЫҢ МАҢЫЗЫ

**Юсуп П.Қ.**

*ҚазМемҚызПУ, п.ғ.м., аға оқытушы  
Алматы қ., Қазақстан*

Әдеби шығарманың тұтастығы ондағы белгілі бір мазмұнның ашылуымен тікелей байланысты. Өнер туындысының да, әдеби шығарманың да мазмұнының өміршеңдігі оған сәйкес көркемдік пішінмен, яғни белгілі бір суреттеу құралы мен әдіс-тәсілдермен айқындалады. Образ, жанр, ырғақ, лексика, сюжет пен композиция, бәрі де мазмұн, әрі ол суреткер идеалымен көркемделген.

Көркем шығармадағы мазмұн мен пішін ажырағысыз. Мазмұн мен пішін бірлігі динамикалық, құбылмалы құбылыс, өйткені, өнер дегеніміз – объективті өмір шындығын бейнелеудің үзіліссіз жанды процесі. Уақыт жаңа көркемдік пішіндерді тудырады. Уақытқа тән жаңа ырғақ суреткерден жаңа пішін талап етеді.



<b>Қожекеева Б.Ш.</b> Темірғали Нұртазиннің жазушылық қыры және сыншылық болмысы.....	95
<b>Дәрібайұлы С.</b> Педагог-ғалым Алма Қыраубаеваның «Сенім» бағдарламасы және ұлттық мектеп.....	97
<b>Юсуп П.Қ.</b> Әдеби шығарма сюжетіндегі тартыстың маңызы.....	100
<b>Панзабек Б.Т.</b> Толысбаева Ә.Т. Көркем мәтіндегі автор бейнесі.....	103
<b>Қазыбек Г.Қ.</b> А.В.Васильевтің халық ауыз әдебиетін аудару тәжірибесі.....	106
<b>Өміржанова Ж.Т.</b> Мифтік көріністер мен ұлттық әдебиет.....	111
<b>Жұмақаева Б.Д., Кеңесова Б. Ә.</b> Қоңыратбаевтың ғылыми-әдіскерлік тағлымдары.....	115
<b>Керімбек Ж.С.</b> «Ескендір» образының шығыс әдебиетіне әсері.....	117
<b>Ахметова А.М.</b> Мағауиннің «Құмырсқа-қырғын» әңгімесіндегі символика.....	121
<b>Мажиева Н.А.</b> Қазақ эпосындағы көркемдік қырларының көрінісі.....	123
<b>Мәмбетов Ж.Ф.</b> Мүсіреповтің «Ұлпан» романындағы ұлттық бітім мен болмыс.....	128
<b>Ержанова Г.Б.</b> Көркем шығармашындығы.....	131
<b>Рақыш Ж.С.</b> «Ақымақ бала» туралы сюжетке құрылған ертегілер.....	135
<b>Мұхамадиев Д.Б.</b> Әуезовтанудың қазіргі мәселелері (профессор М.Мырзахметұлы зертханасы негізінде).....	139
<b>Көшекөва А.А.</b> Шешендік сөздер – халық даналығы.....	142
<b>Сұлтанова Б.М.</b> Шөже Қаржаубайұлының айтыстары.....	145
<b>Әбдіқалық К.С., Орынханова Ғ.А.</b> Мағжан Жұмабаев өлеңдеріндегі ұлт мәселесі.....	147
<b>Сарбасов Б.С.</b> Абай шығармаларындағы мінеу, сынау көріністері.....	151
<b>Бегманова Б.С.</b> Қазіргі қазақ повестеріндегі ұлттық мінез ерекшелігі.....	155
<b>Нұрпейісов Н. Ж.Е.</b> Ысмайылов және Мұқановтану ғылымы.....	159
<b>Жұмақаева Б.Д.</b> Жалпы білім беретін мектептердің орта буынында оқылатын эпикалық шығармалар, олардың тақырыптық, идеялық қырлары.....	163
<b>Еспенбетов А.С., Ибраева Н.Б.</b> «Шығыстың Мұқағалиы» атанған Хамит ақын турасында.....	166
<b>Нұрпейісова А.</b> Шерхан Мұртазаның 60-80 жылдардағы әңгімелері.....	169
<b>Әуесбаева П.Т.</b> Ертегілік сюжеттер мен мотивтер жөнінде.....	173
<b>Дәуітұлы Т.</b> Таңжарық айтыстарының ерекшеліктері.....	177
<b>Сейсенбиева Э.С.</b> Қазақ драматургиясы және Ғ.Мүсірепов.....	182
<b>Исабекова Ж.А.</b> Абай мен Мұқағалидың поэзиясына тән ортақ амалдар.....	185
<b>Әкімова Т.Т.</b> Қазақ фольклорындағы хикаяттар.....	190
<b>Қашаулиева Э.К.</b> Фольклорлық прозадағы мотивтер жүйесі.....	195
<b>Сейсембай Г. М.</b> Жұмабаев және қазақ балалар әдебиеті.....	197
<b>Сарбасова Қ.Б.</b> Абай поэзиясындағы «Толық адам» бейнесі.....	200
<b>Тоқшылықова Г.Б.</b> Кобо Абэ туындысындағы адам және қоғам.....	204
<b>Әбдіқалық К.С., Тоқташбай А.Қ.</b> Хандық дәуірдегі жыраулар поэзиясының текстологиясы.....	208
<b>Өтепбергенова Г.К.</b> Т.Нұрмағанбетов повестеріндегі ұлттық идея.....	212
<b>Қожағұлов С.Қ., Зәйкен З.</b> Таңжарық Жолдыұлы мұраларының Алаш рухымен үндестігі.....	214
<b>Отажонова М.</b> Анъанага янгича мунособат.....	218
<b>Анданиязова Д.Ә.</b> Узбек ва қозоқ халқларида эътиқодларға асоаланоган муштарак антропонимлар.....	224
<b>Мұхамадиева М.Б.</b> Халқының рухани көшбасшысы - М.Әуезовтің қайраткерлік қырлары.....	227